



Аса ауыр жағдайларды қалпына келтіру мақсатында отбасының қосылуына арналған виза

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ «Ұлттық визаға өтініш беру туралы жалпы ақпарат» жаднамаға назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Қазақстан Республикасы құжаттарының және сот шешімдерінің түпнұсқаларына құзыретті органдар апостиль қоюға тиіс. Апостиль құжаттың түпнұсқасына қойылып, аударылуы керек. Басқа елдердің құжаттарын немесе сот шешімдерін ұсынған кезде ресми талаптарға қатысты шетелдегі құзыретті дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге хабарласыңыз.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Жалпы ақпарат

Басқа отбасы мүшелерінің Германияда тұратын туыстарымен қосылуына арналған виза аса ауыр жағдайды болдырмау үшін ғана беріледі (ерлі-зайыптылардан басқа Германияда тұратын кәмелетке толмаған балалары мен ата-аналары, кәмелетке толмаған балалардың жалғыз қамқоршысы).

Бұл визаның түрі отбасы мүшелерінің бірі шұғыл түрде отбасының басқа мүшесінің өмірлік маңызды көмегіне байланысты болған және тек Германияда тиісті көмек көрсетіле алатын жағдайда (мысалы, күтім болмаған ерекше жағдайда) аса ауыр жағдайларды қалпына келтіру аясында отбасының қосылуы үшін берілетіндігіне назар аударуыңызды сұраймыз. Аса ауыр жағдайды дәлелдейтін белгілі жеке сипаттамалары негізінде ұсынылуы керек (мысалы, ауру, мүгедектік, тиісті күтімнің болмауы, психикалық жай-күйі). Өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі, мысалы, оқу, экономикалық немесе әлеуметтік жағдайының қолайсыздығы аса ауыр жағдайларға жатпайды.

Өтініш берушінің денсаулық жағдайына / тиісті күтім қажеттілігіне негізделген аса ауыр жағдайларды қалпына келтіру аясында отбасының қосылуы үшін визаға өтініш берілсе, **сұхбат жүргізгеннен кейін** Германия Федеративтік Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің сенімді дәрігері оның денсаулық жағдайын тексеру мүмкін. Бұл жағдайда Сізге тиісті өкілдікте толығырақ ақпарат беріледі.



Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.
- 3 **биометриялық** тәлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік тәлқұжаты + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі**. Шетелдік тәлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сотталмағандығы туралы анықтама (өтініш берген кезде үш айдан ескі болмауы керек)
 - егер аты-жөні өзгермеген жағдайда: e.gov-тан электрондық көшірме екі дана
 - егер аты-жөні өзгертілген жағдайда: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама. Анықтамада тегі және бұрынғы барлық аты-жөні көрсетілуі шарт, апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі
 - егер сотталғандығы болса: тиісті сот шешімдерінің апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі
- Туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі
- Осы жағдайға қатысты болса: зейнетақы шотының соңғы 6 айының үзіндісі 2 дана
- Осы жағдайға қатысты болса: мүгедектік туралы анықтаманың түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі
- Өтініш берушінің отбасылық жағдайын растайтын құжаттың түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі (бұл мысалы, неке қию туралы куәлік, некені бұзу туралы куәлік, жұбайының қайтыс болған туралы куәлігі).
- Қазіргі (виза беру туралы өтініш берген күніне дейінгі 3 айдың ішінде берілген) денсаулық жағдайы туралы егжей-тегжейлі сипаттамасы бар дәрігердің анықтамасының түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі.
- Өтініш берушінің Германиядағы қосылғалы жатқан туыспен туыстық қарым-қатынасты растайтын құжаттарының түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі (мысалы, туу туралы немесе асырап алу туралы куәлік; өтініш берушінің немесе қосылғалы жатқан туысының аты-жөні өзгертілген болса, онда неке қию туралы немесе аты-жөні өзгерту туралы куәлік).



Deutsche Vertretungen
in Kasachstan

- | |
|--|
| <input type="checkbox"/> Германия азаматтарынан: <u>2 дана</u> неміс төлқұжатының немесе жеке куәлігінің <u>көшірмесі</u> . Осы жағдайға қатысты болса: қосылғалы жатқан туыстың Германияда тұруға рұқсат құжаттары. |
| <input type="checkbox"/> <u>2 дана</u> қосылғалы жатқан туыстың Германиядағы тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасының <u>көшірмес</u> (өтініш берген кезде үш айдан аспауы керек). |
| Қазақстан Республикасының азаматтығы жок өтініш берушілерге: |
| <input type="checkbox"/> Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі</u> . |